

Екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәні және есеп айырысу әдістемесі туралы нұсқаулығын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 маусымдағы N 213 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 3 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1902.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 358 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қ а р а ң ы з) .

Ескерту: Атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 390 қаулысымен .

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру және Қазақстан Республикасы банк жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Б а с қ а р м а с ы қа у л ы е т е д і :

1. Екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәні және есеп айырысудың ұсынылып отырған әдістемесі туралы нұсқаулығы бекітілсін (бұдан әрі - Нұсқаулық).

Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 390 қаулысымен .

2. Осы қаулының 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгізілетін Нұсқаулықтың 12-тармағының 2) тармақшасын қоспағанда, 2002 жылғы 1 тамыздан бастап күшіне енеді.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 390 қаулысымен .

2-1. Банктердің 2002 жылғы 1 тамызға дейін тартылған, бастапқы өтеу мерзімі 5 жылдан кем емес және Нұсқаулықтың 6-тармағында белгіленген, реттелген борыштарға қойылатын талаптарға жауап бермейтін реттелген борыштары мынадай тәртіппен банктің меншікті капиталының есебіне кіреді:

борышты өтеу басталғанға дейін бес жылдан артық мерзім ішінде - реттелген борыш сомасынан 80% мөлшерінде;

борышты өтеу басталғанға дейін қалған бес жылдың ішінде:

1-ші жыл - реттелген борыш сомасының 60%-і;

2-ші жыл - реттелген борыш сомасының 40%-і;

3-ші жыл - реттелген борыш сомасының 20%-і;

4-ші және 5-ші жылдар - реттелген борыш сомасының 0%-і.

Ескерту: 2-1-тармақпен толықтырылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 26 қарашадағы N 467 қаулысымен, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 390 қаулысымен.

3. Осы қаулы күшіне енгізілген күннен бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Пруденциалдық нормативтер туралы ереже жөнінде" 1997 жылғы 23 мамырдағы N 219 қаулысының күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

4. Банктерді және сақтандыруды қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р л а р ы н қ о л д а н с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күн ішінде осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге ж і б е р с і н .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А.Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Екінші деңгейдегі банктерге
арналған пруденциалдық
нормативтер туралы ережені
бекіту жөнінде" 2002 жылғы
3 маусымдағы N 213
қаулысымен бекітілген

**Екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық
нормативтердің нормативтік мәні және есеп айырысуының
ұсынылып отырған әдістемесі туралы нұсқаулығы**

Ескерту: Атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 390 қаулысымен .

Ескерту: Ереженің мәтіні бойынша "депозиттегі", "депозиттері", "депозиторлар", "депозиттер" деген сөздер тиісінше "салымдағы", "салымдары", "салымшылар", "салымдар" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 36 қаулысымен .

Ереженің мәтіні бойынша "осы Ереже бойынша", "осы Ереженің", "осы Ережемен" деген сөздер тиісінше "осы Нұсқаулық бойынша", "осы Нұсқаулықтың", "осы Нұсқаулықпен" деген сөздермен; "борышкерлерді", "борышкерді", "борышкермен", "борышкерлер", "борышкер" деген сөздер тиісінше "заемшыларды", "заемшыны", "заемшымен", "заемшылар", "заемшы" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 390 қаулысымен .

Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" және " Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы " Заңдарына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі - банктер) сақтауға міндетті пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәнін және есеп айырысу әдісін б е л г і л е й д і .

Ескерту: Кіріспеге өзгерту енгізілді, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 36 қаулысымен , 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 390 қаулысымен .

1-тарау. Банктің жарғылық капиталының ең аз мөлшері

1. Банктің жарғылық капиталының ең аз мөлшерін қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның Басқармасы (бұдан әрі - уәкілетті орган) белгілейді.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 36 қаулысымен .

2. Банк, мұндай сатып алу уәкілетті орган белгілеген пруденциалдық нормативтердің және сақталуы міндетті басқа да нормалар мен лимиттердің кез келгенін бұзуға әкеліп соқтырмайтын жағдайда, акционерлердің меншік а к ц и я л а р ы н с а т ы п а л а а л а д ы .

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық

ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 36 қаулысымен .

2-тарау. Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті

3. Меншікті капитал банк инвестицияларын шығарып тастағандағы бірінші деңгейдегі капитал мен екінші деңгейдегі капиталдың жиынтығы ретінде есептеледі (сонымен қатар екінші деңгейдегі капитал бірінші деңгейдегі капиталдан аспайтын мөлшерде қосылады).

Банктің инвестициялары заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) және реттелген борышқа салымдарының сомасын білдіреді.

Мұндайда банк инвестицияларының есебіне мынадай талаптарға сәйкес келетін заңды тұлғалардың акцияларына және реттелген борышына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) еншілес ұйымдарының с а л ы м д а р ж а т п а й д ы : < * >

1) заңды тұлға банктің еншілес ұйымы болып табылмайды;

2) салымдар Қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттары жөніндегі комитеттің Басқармасы 1995 жылғы наурызда бекіткен "Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету және ұсыну" N 32 Қаржылық есеп берудің халықаралық стандартында көрсетілген әділ құны бойынша есепке алынады;

3) мынадай талаптардың біріне жауап береді:

банкте жоғарыда аталған заңды тұлғалардың шынайылығы халықаралық аудиторлық ұйымдар ретінде танылған аудиторлық ұйымдардың бірінің халықаралық аудит және қаржылық есеп стандарттарына сәйкес жасалған және аудиторлық ұйымның шүбәсіз пікірі бар қорытындысымен расталған, соңғы аяқталған қаржылық жылғы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы қаржылық есептің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалған соңғы аяқталған жылғы қаржылық есептері бар болғанда;

жоғарыда аталған заңды тұлғалардың акциялары "Қазақстанның қор биржасы" акционерлік қоғамының "А" санатындағы ресми тізіміне енгізілгенде;

жоғарыда аталған заңды тұлғалардың Standard & Poor's агенттігінің "А" деңгейінен төмен емес борыштық рейтингі немесе халықаралық рейтингтік агенттіктер (бұдан әрі - рейтингтік агенттіктер) ретінде танылған басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі болғанда.

Ескерту: 3-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 36 қаулысымен , 2004 жылғы 26 мамырдағы N 149 қаулысымен , 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 390 қаулысымен .

4. Бірінші деңгейдегі капитал:

сатып алынған меншікті акцияларын шегергендегі төленген жарғылық

к а п и т а л ;

қ о с ы м ш а к а п и т а л ;

өткен жылдардағы бөлінбеген таза кіріс (оның ішінде өткен жылдарда таза кіріс есебінен қалыптастырылған қорлар, резервтер) сомасы сияқты есептеледі;

м ы н а л а р е с е п т е л м е й д і :

банктің негізгі қызметі мақсаттары үшін сатып алынған және Қаржылық есептің халықаралық стандарттары жөніндегі комитеттің Басқармасы 1998 жылғы шілдеде бекіткен, 1999 жылғы 1 шілдеден басталатын немесе одан кейінгі кезеңдерді қамтитын қаржылық есеп үшін күшіне енген N 38 "Материалдық емес активтер" Қаржылық есептің халықаралық стандартына сәйкес (бұдан әрі - N 38 Қаржылық есептің халықаралық стандарты) лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді қоспағанда, материалдық емес активтер;

өткен жылдардағы шығындар;

ағымдағы жылдың шығысы ағымдағы жылғы кірістен асып кету.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 390 қаулысымен .

5. Екінші деңгейдегі капитал:

ағымдағы жылдың кірісі ағымдағы жылғы шығыстан асып кету мөлшері;

негізгі құрал-жабдықтарды және бағалы қағаздарды қайта бағалау мөлшері;

жалпы резервтер (провизиялар) мөлшері, тәуекелді ескере отырып салыстырылған активтер сомасының 1,25%-нен аспайтын сомада кастодиандық шарт талаптарымен қабылданған қаражаттың инвестицияланбаған қалдықтарын шегеріп т а с т а ғ а н д а ; < * >

меншікті капиталға қосып есептелген, бірінші деңгейдегі капитал сомасының елу процентінен аспайтын реттелген борыш сомасы, банктің сатып алынған меншікті реттелген акцияларын шегергендегі сияқты есептеледі.

Ескерту: 5-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 мамырдағы N 151 қаулысымен , ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 390 қаулысымен .

6. Банктің реттелген борышы - банктің мынадай талаптарға сәйкес келетін қамтамасыз етілмеген міндеттемесі:

1) салым не ұсынушыға міндеттеме болып табылмайды;

2) банктің немесе онымен аффилиирленген тұлғаның талап етуі бойынша кепілдік қамтамасыз ету болып табылмайды;

3) а л ы н ы п т а с т а л д ы ;

4) банкті тарату кезінде соңғы кезекте қанағаттандырылады (қалған мүлікті акционерлер арасында бөлудің алдында);

5) мұндай өтеу уәкілетті органның қорытындысына сәйкес кейінірек банк капиталының жеткіліктілік коэффициентінің осы Нұсқаулықта белгіленген ең аз мөлшерден төмен азаюына әкеліп соқтырмауы талабымен, банк (толық немесе ішінара) өтеуі, оның ішінде мерзімінен бұрын өтеуі мүмкін.

Банктің меншікті капиталға кіретін - бұл реттелген борышы - өтелу басталғанға дейін тарту мерзімі бес жылдан астам реттелген борыш.

Облигациялар бағалы қағаздар рыногын реттеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен уәкілетті орган бекіткен облигациялар шығарылымын орналастыру қорытындылары туралы есептің негізінде ғана банктің реттелген борышы болып танылады және банктің меншікті капиталына кіреді.

Банктің реттелген борышы мынадай тәртіппен банктің меншікті капиталының есебіне кіреді:

борышты өтеу басталғанға дейін бес жылдан артық мерзім ішінде - борыштың толық сомасында,

борышты өтеу басталғанға дейін қалған бес жылдың ішінде:

- 1-ші жыл - реттелген борыш сомасының 80%-і,
- 2-ші жыл - реттелген борыш сомасының 60%-і,
- 3-ші жыл - реттелген борыш сомасының 40%-і,
- 4-ші жыл - реттелген борыш сомасының 20%-і,
- 5-ші жыл - реттелген борыш сомасының 0%-і.

Реттелген борыш деп сонымен қатар, егер мұндай өтеу уәкілетті органның қорытындысына сәйкес банктің қаржылық жағдайын нашарлатуға және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының талаптарын бұзуға әкеліп соқтырмайтын жағдайларда заемшының бастамасы бойынша заемды мерзімінен бұрын (толық немесе, ішінара) өтеу мүмкіндігі шартта көзделген болса, 3) тармақшаны қоспағанда, осы тармақтың талаптарына сәйкес келетін банктің Еуропалық Қайта құру және Даму Банкінен немесе Азия Даму Банкінен не Халықаралық Қаржы Корпорациясынан тартылған заемы танылады. <*>

Ескерту: 6-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 мамырдағы N 151 қаулысымен, ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 36 қаулысымен, 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 390 қаулысымен.

7. Банктің меншікті капиталының жеткілікті болуы екі коэффициентпен сипатталады:

бірінші деңгейдегі капиталдың жалпы сомасындағы және екінші деңгейдегі капитал бөлігіндегі меншікті капиталдың есебіне кіретін бірінші деңгейдегі капиталдың үлес шегінде алынған банк инвестицияларын шығарып тастағандағы

бірінші деңгейдегі капиталдың жалпы сомасындағы бірінші деңгейдегі капитал үлесі шегінде алынған және екінші деңгейдегі капитал бөлігіндегі меншікті капиталдың есебіне кіретін банктің инвестициялар сомасына азайтылған банк активтерінің мөлшеріне қатысы (к1);

меншікті капиталдың тәуекел дәрежесі бойынша салыстырылған, сомасына азайтылған активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің сомасына, сондай-ақ екінші деңгейдегі капитал есебіне кіргізілмеген қалыптастырылған жалпы резервтерге (провизияларға) және банктің меншікті капиталының есебіне кіргізілмеген екінші деңгейдегі капитал бөлігіне қатысы (к2).

Ескерту: 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 25 маусымдағы N 223 қаулысымен .

8. Банктің меншікті капиталының жеткілікті болу коэффициентінің мәні k_1 0,06-дан кем болмауы тиіс.

9. Банктің меншікті капиталының жеткілікті болу коэффициентінің мәні k_2 0,12 - ден кем болмауы тиіс.

Тәуекел дәрежесі бойынша салыстырылған активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің есебі осы Нұсқаулықтың N1 және N2 қосымшаларына сәйкес жүргізіледі.

Активтерді, шартты және ықтимал міндеттемелерді өлшеу мақсатында тәуекел дәрежесі бойынша активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер олар бойынша құрылған арнайы резервтер (провизиялар) сомасына азайтылады.

Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициентін (k_1 , k_2) есептеу кезінде активтердің және салымдар тәуекелінің дәрежелері бойынша салыстырылған активтердің мөлшерінен банк кастодиандық шарт негізінде сақтауға қабылдаған қаражаттың инвестицияланбаған қалдығы алынып тасталады.

Ескерту: 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 25 маусымдағы N 223 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен .

3-тарау. Бір заемшыға арналған ең көп тәуекел мөлшері

10. "Бір заемшы" деген терминді банк қойған талабы бар немесе банк заемшы үшін үшінші тұлғаның пайдасына немесе заемшы алдында өзіне міндеттеме қабылдаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де негіздер немесе жасалған шарттар бойынша талаптар пайда болуы ықтимал әрбір жеке немесе заңды тұлға деп түсіну қажет.

Мынадай жағдайлардың бірі болған кезде екі немесе одан көп заемшылардан тұратын топтар үшін тәуекел мөлшері:

1) заемшылардың біреуі басқа заемшының ірі қатысушысы (акционерлік

қоғамда, жауапкершілігі шектеулі серіктестікте немесе қосымша жауапкершілігі бар серіктестікте ірі қатысушы; командиттік серіктестікте толық серіктес; толық серіктестікте қатысушы), аффилиирленген тұлғасы, жақын туысы (ата-анасы, баласы, асырап алушысы, асырап алынғаны, бірге туған немесе бірге тұмаған аға-інісі немесе апа-сіңлісі, қарындасы, атасы, әжесі, немересі), жұбайы/ зайыбы, жұбайының/зайыбының жақын туысы, бірінші басшысы, не басқа заемшымен мәміле жасауға мүдделі тұлға болып табылса;

2) бір заемшының ірі қатысушысы, аффилиирленген тұлғасы, жақын туысы, жұбайы/зайыбы, жұбайының/зайыбының жақын туысы немесе бірінші басшысы не бір заемшымен мәміле жасауға мүдделі тұлғасы басқа заемшының ірі қатысушысы, аффилиирленген тұлғасы, жақын туысы, жұбайы/зайыбы, жұбайының/зайыбының жақын туысы немесе бірінші басшысы не бір заемшымен мәміле жасауға мүдделі тұлғасы болып табылса;

3) бір заемшының ірі қатысушысы, аффилиирленген тұлғасы, жақын туысы, жұбайы/зайыбы, жұбайының/зайыбының жақын туысы немесе бірінші басшысы не бір заемшымен мәміле жасауға мүдделі тұлғасы ірі қатысушының, аффилиирленген тұлғаның, жақын туысының, жұбайының/зайыбының, жұбайының/зайыбының жақын туысының немесе бірінші басшысының не бір заемшымен мәміле жасауға мүдделі тұлғасының ірі қатысушысы, аффилиирленген тұлғасы, жақын туысы, жұбайы/зайыбы, жұбайының/зайыбының жақын туысы немесе бірінші басшысы не бір заемшымен мәміле жасауға мүдделі тұлғасы болып табылса;

4) а л ы н ы п т а с т а л д ы ;

5) заемшылардың біреуі берген заемшының меншікті капиталынан асатын мөлшердегі, банктен өзі қарызға алған ақшаны басқа біреудің пайдалануына бергенін растайтын жеткілікті негіз болса;

6) егер осы заемшыларының жиынтық меншікті капиталынан асатын мөлшердегі банктен алған қаражатты заемшылар бірігіп немесе жеке-жеке банктің заемшы болып табылмайтын сол бір үшінші тұлғаға пайдалануға бергенін растайтын жеткілікті негіздеме болғанда;

7) заемшылар заемшылардың біреуі (Қазақстан Республикасының банктерін қоспағанда) басқа заемшының міндеттемелері бойынша оның активтерінің он процентінен асатын сомада бірлескен не субсидиарлық жауапкершілік атқаратындай түрде байланысты болса;

8) бір заемшының лауазымды тұлғасы банктің басқа заемшылардың қызметінде қаржылық мүдделілігі болса;

9) заемшылар бірлескен қызмет туралы шартпен не бірлескен қызмет туралы шарттың белгілері бар өзге де құжаттармен өзара байланысты болса;

1 0) з а е м ш ы л а р :

оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалар болып табылса немесе уәкілетті орган белгілеген оффшорлық аймақ тізбесіне кіргізілген мемлекеттердің азаматтары болып табылса не оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалар болып табылса немесе Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы ақпарат алмасу бойынша міндеттемелер қабылдамаған оффшорлық аймақ тізбесіне жатқызған мемлекеттердің азаматтары болып табылса немесе осы тармақшаның екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген оффшорлық аймақтар аумағында тіркелген немесе сол мемлекеттердің азаматтары болып табылатын ірі қатысушылары, аффилиирленген тұлғалары, жақын туыстары, бірінші басшылары не осы заемшылармен мәміле жасауға мүдделі тұлғалары бар б о л ғ а н д а ;

10-1) жылжымайтын мүлікті салу жобасының тапсырыс берушісін, салынып жатқан объектінің құрылысы жөніндегі үлесі бар қатысушыларды және үлесі бар қатысушылардың гаранттарын қоса алғанда, заемшылар жылжымайтын мүлікті салу жобасының қатысушылары болып табылады. Бұл ретте осы тармақшада аталған заемшылар тобы құрған бір заемшыға тәуекелдің мөлшері салынып жатқан объектінің құрылысы бойынша жеке тұлғалардың - үлестік қатысушылардың және/немесе үлестік қатысушылар гаранттарының қатысуымен құрылған топ үшін осы тармақтың 1-10, 11 тармақшаларына сәйкес бір заемшыға тәуекел мөлшерінің жиынтық есебіне қабылданбауы тиіс;

11) заемшылар Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген басқа негіздер бойынша өзара байланысты болса, бір заемшыға есептелгендей, егер заемшылардың әр қайсысының тәуекел мөлшері банктің меншікті капиталының 0,05 процентінен асатын болса, жиынтық есептеледі.

Ескерту: 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 36 қаулысымен , 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 390 қаулысымен , 2005 жылғы 25 маусымдағы N 223 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен .

11. Егер мемлекет (уәкілетті орган арқылы) екі және одан көп заңды тұлғалардың ірі қатысушысы болып табылса, егер басқа ірі қатысушылары болмаса, сондай-ақ осы Нұсқаулықтың 10-тармағында белгіленген заемшылардың осы тобына қатысты тәуекел мөлшері бір заемшыға арналған тәуекел мөлшері сияқты жиынтығында есептеу қажет болатын жағдайлар болғанда, мұндай топқа қатысты тәуекел мөлшері бір заемшыға арналған тәуекел мөлшері сияқты есептелмейді.

12. Бір заемшының (P), оның ішінде банктің тәуекел мөлшері:

- 1) банктің заемшыға банк балансында есептелетін талаптары;
- 2) ағымдағы жылдың алдындағы соңғы бес жыл ішінде банктің балансынан

есептен шығарылған банктің заемшыға талаптары;

3) осы міндеттемелер бойынша банк заемшы үшін үшінші тұлғаның пайдасына немесе заемшы алдында өзіне міндеттеме қабылдаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де негіздер немесе жасалған шарттар бойынша талаптар сомасы ретінде есептеледі;

4) заемшының мыналар түріндегі міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету сомасын шығарып тастағанда:

осы міндеттемелерді қамтамасыз ету ретінде банктің басқаруына берілген с а л ы м д а р ;

Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ұлттық Банк шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;

аффинирленген қымбат металдар;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдіктері;

Standard & Poor's агенттігінің "А" деңгейінен төмен емес ұзақ мерзімді борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осындай деңгейдегі рейтингі бар басқа банктердің кепілдіктері.

Standard & Poor's агенттігінің "BBB" рейтингінен төмен емес ұзақ мерзімді борыштық рейтингі бар бас банктердің кепілдіктері немесе Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің еншілес банктері үшін - халықаралық рейтинг агенттіктері ретінде танылған басқа да рейтинг ұйымдарының біреуінің осындай деңгейдегі рейтингі.

Б і р з а е м ш ы н ы ң т ә у е к е л і н :

Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Ұлттық Банкке талаптар және Standard & Poor's агенттігінің "BBB" деңгейінен төмен емес ұзақ мерзімді борыштық рейтингі немесе халықаралық рейтинг агенттігі ретінде танылған басқа халықаралық рейтинг агенттіктері біреуінің осындай деңгейдегі рейтингісі бар банктерге ашылған корреспонденттік шоттар және бойынша талаптар есеп а й ы р ы с у ғ а к і р г і з і л м е й д і .

Ескерту: 12-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 наурыздағы N 97 қаулысымен , ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 36 қаулысымен , 2004 жылғы 26 мамырдағы N 149 қаулысымен , 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 390 қаулысымен .

13. Оның міндеттемелері бойынша бір заемшыға банк тәуекелі мөлшерінің банктің меншікті капиталына қатысы:

банкпен ерекше қарым-қатынастағы байланысты тұлғалар болып табылатын заемшылар үшін (к3.1), - 0,10. Банкпен ерекше қарым-қатынастағы байланысты заемшылар бойынша тәуекелдердің жиынтық сомасы банктің меншікті капиталының мөлшерінен аспауы тиіс;

басқа заемшылар үшін (k3) - 0,25 (оның ішінде заемшы алдындағы шартты міндеттемелермен қамтамасыз етілмеген не заемшыға ағымдағы және соңғы екі ай ішінде банктің талабы пайда болуы мүмкін үшінші тұлғаның пайдасына заемшы үшін банктік заемдар бойынша, сондай-ақ Standard & Poor's агенттігінің рейтингі немесе Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингінен кемінде бір тармақ төмен басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденттеріне және Standard & Poor's агенттігінің "А" деңгейінен төмен емес рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің тиісті деңгейдегі рейтингі бар резидент еместерге талаптарды қоспағанда оффшорлық аймақтың азаматтары болып табылатын Қазақстан Республикасының резидент еместерінің міндеттемелері бойынша).

Әр қайсысының мөлшері банктің меншікті капиталының 10 %-нен асатын банктің әр заемшыға арнаған тәуекелінің жиынтық сомасы банктің меншікті капиталы мөлшерінің сомасынан сегіз еседен аспауы тиіс.

Ескерту: 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 36 қаулысымен , 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 390 қаулысымен .

14. Банктің заемшыға талаптары пайда болған күнгі жалпы көлемі осы Нұсқаулықта белгіленген шектеулер шегінде болған жағдайларда, бірақ кейіннен соңғы үш айдың ішінде банктің меншікті капиталының деңгейі бес проценттен аспайтын мөлшерде төмендеуіне байланысты не соңғы үш айдың ішінде заемшыға талап көрсетілген шетелдік валютаға теңгенің орташа алынған биржалық бағамы он проценттен астам өсуінен банктің заемшыға талабының өсуіне байланысты көрсетілген шектеулерден асып кетсе, бір заемшыға арналған ең көп мөлшердегі тәуекел нормативі орындалған болып есептеледі.

Сонымен қатар банк шектеулерден асып кету фактісі туралы дереу уәкілетті органға хабарлауы және асып кетуді ағымдағы және кейінгі айларда жою жөнінде міндеттемелер қабылдауы тиіс. Егер осындай асып кету көрсетілген мерзімде жойылмаса, бір заемшыға арналған ең көп мөлшердегі тәуекел нормативінен асып кету көрсетілген асып кету анықталған күннен бастап осы норматив бұзылған болып қаралады.

Ескерту: 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 36 қаулысымен .

14-1. Егер банк заемшысы банк алдында міндеттемелердің пайда болу сәтіне банкпен ерекше қатынастармен байланысты болып табылмаса, бірақ кейінірек ондай болса, осы Нұсқаулықтың 13-тармағының екінші абзацында белгіленген норматив мөлшері мұндай заемшының тәуекелінен асып кеткен жағдайда,

көрсетілген асып кету мынадай талаптарға сәйкес келгенде бұзу ретінде қарастырылмады:

банк уәкілетті орган белгілеген мерзімде әрі тәртіппен осы Нұсқаулықтың 12-тармағының 4) тармақшасына сай заемшының қосымша қамтамасыз етуін ұсынуды растай отырып, уәкілетті органды бұл асып кету туралы дереу хабардар ету немесе банк талаптарының бір бөлігін нормативтің мөлшерін сақтау үшін қажетті мөлшерге дейін орындау және осы бұзуды уәкілетті орган белгілеген мерзімде жою бойынша міндеттемелерді қабылдау;

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2103 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларды күмәнді және үмітсіз санатына жатқыза отырып, провизиялар (резервтер) құру ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 16 қарашадағы N 465 қаулысына сәйкес (бұдан әрі - Жіктеу ережесі) заемшының қаржылық ахуалы қанағаттанарлықтан төмен емес бағаланады.

Ескерту: 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 36 қаулысымен.

14-2. Осы Нұсқаулықтың 14-1 тармағының шарттары, егер заемшылар міндеттемелердің пайда болу сәтіне бір заемшы ретінде қарастырылмаса, бірақ кейінірек ондай болған жағдайда, қолданылады.

Ескерту: 14-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 36 қаулысымен.

4-тарау. Өтімділік коэффициенті

15. Өтімділік екі коэффициентпен сипатталады:

банктің ағымдағы өтімділік коэффициентімен (к4);

банктің қысқа мерзімді өтімділік коэффициентімен (к5).

Банктің ағымдағы өтімділік коэффициентінің және қысқа мерзімді өтімділік коэффициентінің ең аз мәнін уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту: 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 36 қаулысымен.

16. Банктердің ағымдағы өтімділік коэффициенті өтімділігі жоғары активтердің орташа айлық мөлшерінің талап ету бойынша міндеттемелердің орташа айлық мөлшеріне қатынасы ретінде есептеледі.

17. Өтімділігі жоғары активтердің есебіне:

1) қолма-қол ақша;

2) аффинирленген қымбат металдар;

3) кері сатып алу шарттарымен банк сатқан бағалы қағаздарды қоспағанда немесе кепілге берілген, Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ұлттық Банк шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, "Қазақстан ипотекалық компаниясы" акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздар;

4) Ұлттық Банктегі, Қазақстан Республикасының банктеріндегі және Standard & Poor's агенттігінің "BBB"-ден төмен емес ұзақ мерзімді борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің тиісті деңгейдегі рейтингі бар резидент емес банктердегі талап ету бойынша салымдары;

5) Қазақстан Республикасының банктеріне және Standard & Poor's агенттігінің "A"-дан төмен емес ұзақ мерзімді борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осындай деңгейдегі рейтингі бар резидент емес банктерге "овернайт" заемдары кіреді;

6) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2428 тіркелген, Ұлттық Банк Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктер брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асырған кезде мемлекеттік бағалы қағаздарымен мәмілелер жасауға құқылы елдердің ең төменгі талап етілетін рейтингі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі N 219 қаулысымен белгіленген деңгейден төмен емес шетел валютасындағы егеменді ұзақ мерзімді рейтингіге ие елдердің мемлекеттік бағалы қағаздары.

Ескерту: 17-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 36 қаулысымен, 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 390 қаулысымен.

18. Талап ету бойынша міндеттемелердің есебіне:

1) клиенттердің және корреспондент банктердің талап ету бойынша салымдары;

2) банкаралық "овернайт" салымдары;

3) талап ету бойынша басқа да міндеттемелер, оның ішінде есеп айырысуды жүзеге асыру мерзімі белгіленбеген міндеттемелер кіреді.

19. Банктердің қысқа мерзімді өтімділік коэффициенті өтімділігі жоғары активтерді қоса алғанда, бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын активтердің орташа айлық мөлшерінің талап ету бойынша міндеттемелерді қоса алғанда тарту мерзімі үш айдан аспайтын міндеттемелердің орташа айлық мөлшеріне қатынасы ретінде есептеледі.

Осы Нұсқаулықтың 17-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген жоғары өтімді активтер есебіне алынбайтын Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ұлттық Банк шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары мемлекеттік бағалы қағаздар қамтамасыз етілген жағдайдағы

міндеттемелердің орта айлық мөлшерінің есебі қатарына жатқызылған жағдайда активтердің орта айлық мөлшерінің есебіне кіргізіледі.

Ескерту: 19-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 390 қаулысымен .

20. Өтімділік коэффициенттерін есептеу кезінде:

1) Жіктеу ережесіне сәйкес күмәнді бірінші және екінші санатты активтерден басқа жіктелген активтерді;

2) кастодиандық шарттар негізінде банк сақтауға қабылдаған және сенімгерлік басқару туралы шарттардың негізінде сенімгерлік басқаруға қабылданған қаражаттардың инвестицияланбаған қалдықтарын;

3) уәкілетті орган белгілеген оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалар немесе мемлекеттердің азаматтары болып табылатын оффшорлық аймақтың не Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы анықтаған тізбеге жатқызылған аумақтарда тіркелген немесе тұрақты тұратын, ақпарат алмасу бойынша міндеттемелер қабылдамаған немесе көрсетілген оффшорлық аймақтардың аумағында тіркелген заңды тұлғаларға қатысты еншілес болып табылатын Қазақстан Республикасының резидент еместеріне талаптарды қ о с п а й д ы .

Ескерту: 20-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 36 қаулысымен .

21. Есепті кезең ішінде банктің кредиторлар және салымшылар алдындағы мерзімі өткен міндеттемелері не Қазақстан Республикасының ақша төлемдері мен аударымдары туралы заңдарының нормаларын бұзу фактілері болған кезде орташа айлық негізде анықталатын өтімділік коэффициентінің есептік мәніне қарамастан, өтімділік нормативтері орындалмаған болып есептеледі.

2 2 . < * >

Ескерту: 22-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

5-тарау. Ашық валюталық позицияның лимиттері

2 3 . < * >

Ескерту: 23-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 390 қаулысымен .

24. Ашық валюта позициясы - банктің жекелеген шетелдік мемлекеттің (шетелдік мемлекеттер топтарының) валютасындағы талаптарының (

міндеттемелерінің) сол шетелдік валютадағы банк міндеттемелерінен (талаптарынан) асып кетуі.

Ұзақ валюталық позиция - банктің талаптары (активтердің және шартты талаптардың жиынтық сомасы) осы шетелдік валютадағы міндеттемелерден (міндеттемелердің және шартты міндеттемелердің жиынтық сомасы) асатын жекелеген шетелдік мемлекеттің (шетелдік мемлекеттер топтарының) валютасындағы ашық валюталық позиция.

Қысқа валюталық позиция - банктің міндеттемелері (міндеттемелердің және шартты міндеттемелердің жиынтық сомасы) осы шетелдік мемлекеттің (шетелдік мемлекеттер топтарының) валютасындағы талаптардан (активтердің және шартты талаптардың жиынтық сомасы) асатын жекелеген шетелдік валютадағы ашық валюталық позиция.

Таза валюталық позиция есебіне мөлшері валютаның айырбастау бағамының өзгеруімен белгіленетін теңгедегі талап етулер (активтер мен шартты талаптардың жиынтықты сомасы), міндеттемелер (міндеттемелер мен шартты міндеттемелердің жиынтықты сомасы) көрсетіледі.

Әр шетелдік валюта бойынша ашық валюталық позиция жеке есептеледі.

Жекелеген шетелдік мемлекеттің (шетелдік мемлекеттер топтарының) валюталары бойынша ашық валюталық позицияларды есептеу кезінде бірінші кезекте олар бойынша қалыптастырылған арнайы провизияларды шегеріп тастағандағы банк активтерінің есепшоттарында және міндеттемелердің есепшоттарында ашылған әрбір шетелдік валюта бойынша есепшоттар сальдосы есептеледі. Содан кейін шартты талаптар есепшоттарында және шартты міндеттемелер есепшоттарында ашылған осы шетелдік валюта бойынша есепшоттар сальдосы олар бойынша арнайы қалыптастырылған провизияларды шегере отырып белгіленеді. Шетелдік валютадағы талаптардың (міндеттемелердің) міндеттемелерден (талаптардан) асып кетуін көрсететін сальдо өзара жинақталады, ал алынған нәтиже банктің шетелдік валюта бойынша ашық позициясының мөлшерін және түрін анықтайды.

Банктің валюталық нетто-позициясы банктің барлық шетелдік валюталар бойынша ұзақ позицияларының жиынтық сомасы мен барлық шетелдік валюталар бойынша қысқа позициялардың жиынтық сомасы арасындағы айырмашылық ретінде есептеледі.

Шетелдік валютамен көрсетілген талаптар мен міндеттемелер осы талаптар мен міндеттемелер көрсетілген (белгіленген) шетелдік валютаға қатысты валюталық позицияның есебіне кіргізіледі.

Валютаға айналдырылатын, мәміле жасалатын күн болып табылмайтын болашақтағы күн қойылған валюталық операцияларды жүргізу кезінде мұндай валюталық операциялар осындай мәміле жасалған күннен бастап валюталық

позиция есебіне кіргізіледі.

Ескерту: 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 390 қаулысымен .

24-1. Осы Нұсқаулық ашық валюта позициясының мынадай лимиттерін белгілейді :

1) Standard & Poor's агенттігінің "А" кем емес дербес рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі және банктің меншікті капиталының 15 проценттік мөлшерінен аспайтын "Еуро" валютасындағы рейтингі бар елдердің шетелдік валюталары бойынша ашық валюталық позиция лимиті (ұзын және қысқа);

2) Standard & Poor's агенттігінің "А" кем дербес рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі банктің меншікті капиталының 5 проценттік мөлшерінен аспайтын рейтингі бар елдердің шетелдік валюталары бойынша ашық валюталық позиция лимиті (ұзын және қысқа);

3) банктің меншікті капиталының 30 проценттік мөлшерінен аспайтын мөлшердегі валюталық нетто- позиция лимиті.

Ескерту: 24-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 390 қаулысымен .

25. Әрбір шетелдік валюта және аптаның әр жұмыс күні үшін валюталық нетто-позиция бойынша валюталық позициялар туралы есеп осы Нұсқаулықтың N 4 қосымшасына сәйкес нысанмен есептіден кейінгі аптаның үшінші жұмыс күні электрондық тасымалдағышта ұсынылады.

Ескерту: 22-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

26. Осы Нұсқаулықтың 24-1 тармағымен белгіленген ашық валюталық позицияның лимитінің 5%-ке кемуімен ашық валюталық позицияны бұзушы банктің бұзылған валютасының лимитін кез-келген шетелдік валюта бойынша есепті апта ішіндегі ашық валюта позициясы лимиттері асып кеткен кезде.

Банк жеке алынған шетелдік валюта бойынша ашық валюталық позиция лимиттерін белгіленген лимиттен 0,09% шегінде асырғанда лимитті бұзғандық болып есептелмейді .

Ескерту: 26-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 36 қаулысымен , 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 390 қаулысымен .

Ескерту: 26-1-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

6-тарау. Банктің негізгі құрал-жабдықтарға және басқа қаржылық емес активтерге инвестицияларының ең көп мөлшерінің коэффициенті

27. Банктің негізгі құрал-жабдықтарға және басқа қаржылық емес активтерге инвестиция мөлшерінің меншікті капиталға қатынасы (к6) 0,5-тен аспауы тиіс.

28. Негізгі құрал-жабдықтарға және басқа қаржылық емес активтерге мыналар к і р е д і :

- 1) жер, үйлер және ғимараттар;
- 2) салынып жатқан (орнатылып жатқан) негізгі құрал-жабдықтар;
- 3) банк жалдаған үйлер бойынша күрделі шығындар;
- 4) компьютер жабдықтары;
- 5) көлік құралдары;
- 6) жалға беруге арналған негізгі құрал-жабдықтар;
- 7) қаржы лизингіне қабылданған негізгі құрал-жабдықтар;
- 8) басқа негізгі құрал-жабдықтар;
- 9) банктің негізгі қызметі мақсаттарына арналып сатып алынған және N 38 Қаржылық есептің халықаралық стандартына сәйкес лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету;
- 10) басқа материалдық қорлар;
- 11) күрделі салымдар бойынша дебиторлық берешек.

7-тарау. Қорытынды ережелер

